

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 862 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 15 мамыр N 709. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.11. N 480 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

*Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.11. N 480 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға лицензия беру мәселелері жөніндегі тәртіптерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 862 қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПҮКЖ-ы, 1999 жылғы N 29, 280-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген, Шетелдік жұмыс күшін тартуға және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметке лицензия берудің тәртіптерінде:

20 және 21-тармақтардың бірінші абзацтарында: "жұмыс күшін тартуға" деген сөздерден кейін "және жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығару қызметіне" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген, Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында және Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде еңбек және кәсіптік қызметін жүзеге асыруының тәртіптерінде:

2-тармағы "шетелдіктер" деген сөзден кейін "(Қазақстан Республикасының аумағындағы заңды тұлғаның құрылтайшыларын қоса алғанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармағы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында олар берілген лауазымдар шеңберінде қолданылады";

9-тармақтың 1) тармақшасы "немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдердің шеңберінде сарапшы болып табылатын болса" деген

сөздермен

толықтырылсын;

2. Осы қаулы қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК